



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№8 (1921) 4 НАУРЫЗ 2024 ЖЫЛ

Көктемнің көрікті мерекесі

ҚУАНЫШҚА БӨЛЕСІН!



Наурыз
Халықаралық
әйелдер күні!

Құрметті ҚазҰУ-дың оқытушы ханымдары, қызметкер азаматшалары, білім алушы қыздар қауымы!

**Сіздерді 8 Наурыз –
Халықаралық әйелдер
күнімен шын жүректен
құттықтаймын!**

Көктемнің көрікті мерекесі сіздерді жақсылық пен қуанышқа, ырыс-берекеге бөледі.

Бүгінде елімізде әйелдер қауымы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылууда. Әйелдер қоғамның барлық саласында белсенді қызмет атқарып келеді. Елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасымен Отбасы және гендерлік саясат туралы жаңа тұжырымдама қабылданған. Бұл бағдарламалық құжатта бүгінгі қоғамдағы әйелдердің рөліне ерекше мән берілген.

Жастарды білім, ғылымға баулып, өскелең ұрпаққа өнегелі тәлім-тәрбие беру ісінде әйелдер үлкен жауапкершілік

арқалап келеді. Соңғы жылдары білім беру ісімен қатар, ғылым саласында әйел-ұстаздардың, әйел-ғалымдардың үлесі артып келеді. Бүгінгі күні ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлық құрамының 65 пайызы әйелдер қауымы. Оқытушы, ғалым ханымдарымыз бен қызметкер азаматшаларымыз университет дамуына елеулі үлес қосуда. Әйел ғалымдарымыз ірі ғылыми жобаларды іске асырып, ел болашағына қажетті нәтижелі жұмыстарды атқаруда. Студент, магистрант, докторант аруларымыз озық білім алып, заманауи ғылымды игеруде.

Университетімізде «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әйелдерінің одағы» қоғамдық бірлестігі жемісті жұмыс істейді. Бірлестік ұжымдағы қыз-келіншектердің құқықтарын қорғап, университеттің қоғамдық, эко-

номикалық, әлеуметтік және мәдени өміріндегі әйелдердің рөлін нығайтуға ықпал етеді.

Қазақ қоғамында ежелден қыз балаға ерекше қамқорлық көрсетіліп, ақ жаулықты аналарымыздың қадір-қасиеті айрықша бағаланған.

Шаңырақтарыңыз шаттыққа, көңілдеріңіз шуаққа толсын. Ізгі тілектеріңіз бен арман-мақсаттарыңыз орындалсын.

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

**Құрметпен
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
Басқарма Төрағасы –
Ректор
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Алғыс айту күнінде Түркістанда «Үздік ғылыми қызметкер – 2023» және «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы – 2023» байқауларының жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

ҚазҰУ-дың үздік 32 оқытушысы марапатталды



Іс-шараға ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, сондай-ақ зиялы қауым өкілдері, мәдениет қайраткерлері, жоғары оқу орындарының ректорлары, ғалымдар мен оқытушылар, білім беру мекемелерінің басшылары, докторанттар, магистранттар мен студенттер қатысты.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек барлық жеңімпаздарды марапаттай отырып, оқытушылар мен ғалымдардың білім және отандық ғылым саласын дамытуға қосқан зор үлесін атап өтті.

«Көктемнің алғашқы күні өрі Алғыс айту мерекесінде Қазақстанның білім және ғылым саласын дамытуға қосқан үлестеріңіз үшін алғыс айту мақсатында сіздерді қасиетті Түркістан қаласына жинадық. Біздің ғалымдар күн сайын отандық ғылымның игілігі үшін жұмыс істеп, жобалар әзірлейді және тамаша нәтижелерге қол жеткізуде. Бұл қазақстандықтар үшін үлкен

қуаныш. Біздің мақсатымыз – халықтың ғылымға, ғалымдарға және жалпы жоғары білім жүйесіне деген сенімін қалпына келтіру. Осы жолда кішкентай болса да, бірақ сенімді қадамдармен жүріп келеміз. Мәселен, 1-2 айдың ішінде «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы күшіне енеді. Сондай-ақ сәуір айында Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысы, үлкен ғылыми көрме өтеді. Біз сіздермен мақтанамыз, сондықтан еңбектеріңізді насихаттау жолындағы ортақ жұмысымыз қарқынды түрде жалғасады», – деді министр.

Байқауға еліміздің 80 жоғары оқу орнынан 768 оқытушы қатысты. Солардың ішінен 150 оқытушы жеңіске жетті. Олардың әрқайсысы 2000 АЕК көлемінде сыйақы алды.

Жалғасы 2-бетте

3-бет

Маулкен АСКАРОВА:

**Счастья, успехов
и процветания вам,
дорогие женщины!**



5-бет

Чан Бенг СУН:

**Студенттер Корея елі
тарихымен танысуға
мүмкіндік алды**



6-бет

Биан ДЫЖЫ:

**КазНУ пользуется
большой
популярностью в Китае**



ҚазҰУ-дың үздік 32 оқытушысы марапатталды

Соңы. Басы 1-бетте

Жеңімпаздар қатарында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 32 оқытушысы бар. Білім ордамыздың мерейін асырып, жылдың

«ЖОО үздік оқытушысы» байқауының жеңімпаздары атанған оқытушыларымызды мақтан тұтамыз және оларды тағы да атап өтуді жөн санадық.

Алмат ИСАДІЛ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2023 жылғы «ЖОО үздік оқытушысы» байқауының жеңімпаздар тізімі

1. Тауанов Жандос Төреғұлұлы, химия және химиялық технология факультеті
2. Мальчик Фёдор Игоревич, химия және химиялық технология факультеті
3. Бауенова Меруерт Өмірбайқызы, биология және биотехнология факультеті
4. Бейсен Нұрзада Әбдібекқызы, физика-техникалық факультеті
5. Көшім Әсима Ғалымжанқызы, география және табиғатты пайдалану факультеті
6. Тоштай Қайнаубек, химия және химиялық технология факультеті
7. Өтегенов Алмасбек Ұлықбекұлы, физика-техникалық факультеті
8. Сағидолда Ерұлан, физика-техникалық факультеті
9. Үсеинова Қарлығаш Рахымжанқызы, заң факультеті
10. Алибаева Қарлығаш Абылхаққызы, механика-математика факультеті
11. Шадкам Зубайда, шығыстану факультеті
12. Төлепбердинова Гүлнұр Алпысқызы, ақпараттық технологиялар факультеті
13. Мамырова Әсем Тілеужанқызы, биология және биотехнология факультеті
14. Құрманәлиева Айнұр Дүрбелеңқызы, философия және саясаттану факультеті
15. Дүйсебаева Мөлдір Әкімжанқызы, химия және химиялық технология факультеті
16. Рахымбай Гүлмира Сапарқызы, химия және химиялық технология факультеті
17. Құранбек Әсет Абайұлы, философия және саясаттану факультеті
18. Қалдыбеков Дәулет Болатұлы, химия және химиялық технология факультеті
19. Негізбаева Марлан Оңласынқызы, журналистика факультеті
20. Бекетаева Әсел Оразалықызы, механика-математика факультеті
21. Қондыбаева Салтанат Қанапияқызы, экономика және бизнес жоғары мектебі
22. Максимов Валерий Юрьевич, физика-техникалық факультеті
23. Құдайбергенов Нұрболат Жарылқасынұлы, химия және химиялық технология факультеті
24. Қалымбек Бақытжан, заң факультеті
25. Сатыбалдиев Бағдат Серікұлы, химия және химиялық технология факультеті
26. Плохих Роман Вячеславович, география және табиғатты пайдалану факультеті
27. Есқалиева Балақыз Қымызғалиқызы, химия және химиялық технология факультеті
28. Мағауова Ақмарал Сабитоллақызы, философия және саясаттану факультеті
29. Сәдуақасова Зухра Маратқызы, философия және саясаттану факультеті
30. Товма Наталия Александровна, экономика және бизнес жоғары мектебі
31. Жүнісбаева Жазира Қабылқызы, биология және биотехнология факультеті
32. Болатбек Милана Асланбекқызы, ақпараттық технологиялар факультеті

Мемлекет және қоғам қайраткері, техника ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бұрынғы ректоры, академик Өмірбек Жолдасбековтің туғанына 93 жыл толды.

Осы күнге орай, оқу ордасының оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері, Өмірбек Арысланұлының ұрпақтары, шәкірттері мен замандас-достары академиктің ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Өмірбек Жолдасбеков 1970-

Өмірбек Жолдасбеков ескерткішіне

86 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры болды. ҚазМУ қалашығының салынуына ұйытқы болып, көптеген жаңа факультеттер мен кафедраларды ашты. Өмірбек Арысланұлының ашқан ғылыми жаңалықтары, ізденіске толы еңбектері Қазақстанда ғана емес, әлемдік ғылыми ортада да кеңінен мойындалды.

Оқу ордасында дәстүрлі түрде өтіп тұратын шарада ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Орталық Азия және Ресей бойынша CNPC корпорациясының президенті Биан Дыжы «Қазақстандағы CNPC Қытай-Қазақстан қатынастары мен мұнай-газ қызметіне қол жеткізу» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев құрметті қонақты жиналған қауымға таныстырып, білікті маманның еңбек жолына тоқталды.

«Мен Қазақстанға 1997 жылы келген мұнай және газ саласындағы алғашқы қытайлық мамандардың бірімін. Осы салада алғашқы бірлескен жобаларға жетекшілік жасадым. ҚазҰУ-ға бірнеше рет келіп, Қазақстанның жетекші жоғары оқу орнымен жан-жақты танысуға мүмкіндік алдым. Биыл университет 90 жылдығын атап өтуде. ҚазҰУ өзінің қызмет еткен жылдарында мемле-

Мұнай-газ саласының қыр-сырымен таныстырды



кеттік басқаруға, ғылымды, мәдениетті дамытуға және Қазақстанның заманауи бизнесі мен экономикасын қалыптастыруға зор зияткерлік үлес қосатын мыңдаған ғалымдар мен көрнекті қайраткерлерді тәрбиелеп шығарды», – деп атап өтті спикер.

Профессор Биан Дыжы өз баяндамасында кен орында-

рын барлаумен, мұнай мен мұнай өнімдерін сатумен және шикізатты Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарына жеткізумен айналысатын CNPC компаниясының қызметі туралы айтып, мұнай-газ саласындағы өз тәжірибесімен бөлісті.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Қысқы сессия қорытындысы талқыланды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінде қысқы емтихан сессиясының қорытындылары мен «Нейроғылымның келешегі» атты пәнаралық ғылыми журналын құру мәселелері талқыланды.

2023/24 оқу жылындағы қысқы емтихан сессиясының қорытындысы туралы Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ләззат Еркінбаева баяндады.

Қысқы емтихан сессиясына 23 286 білім алушы қатысты. Емтиханда Univer, Startexam және Moodle платформалары қолданыла отырып, онлайн, офлайн және аралас формаларда тапсырылды. Бакалавриат бойынша абсолютті үлгерім – 87 пайыз, магистратура бойынша – 91 пайыз, докторантура бойынша 95 пайызды құрады. Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың баяндамасында оқу жоспарларындағы айырмашылықты зерделеуге тіркелген апелляциялық жұмыстардың саны, кітапханаға бару және т.б. қосалғанда, үлгерімнің бірқатар критерийлері бойынша ақпарат қамтылды.



Спикер сөзінің соңында Ғылыми кеңестің қарауына қаулы жобасы шығарылды. Онда, атап айтқанда: оқыту сапасы жөніндегі академиялық комитеттерге емтихан тапсырмаларының сапасын арттыру үшін білім алушылардың жасанды интеллект (ЖИ) пайдаланған деректерін анықтаған емтихан тапсырмаларын талдау және қысқы емтихан сессиясын сәтті тапсырған студенттерге, интерндерге, магистранттарға және PhD докторанттарға стипендия тағайындау туралы бұйрықтар дайындау тапсырылды. Сонымен қатар академиялық мәселелер жөніндегі департамент оқытушыларға білім беру процесінде жасанды

интеллекті пайдалану бойынша оқыту жүргізуі, сондай-ақ оқу процесінде ЖИ ресурстарын пайдалану туралы ереже әзірлеуі қажет. Отырыста сондай-ақ Басқарма мүшесі – операциялық қызмет жөніндегі проректор Еркін Дүйсеновтің университеттегі ағымдағы ахуал туралы, сондай-ақ Биофизика, биомедицина және нейроғылым кафедрасының меңгерушісі Альмира Құстыбаеваның «Нейроғылымның келешегі» пәнаралық ғылыми журналын құру туралы баяндамалары тыңдалып, талқыланды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Ләззат Еркінбаева сөз сөйледі.

«Өмірбек Арысланұлы – ҚазМУ-ды 16 жыл басқарып, отандық ғылым мен білімнің дамуына сүбелі үлес қосқан қайраткер. Өзінің еңбек жолында көптеген шәкірттер тәрбиелеп, 400-ден астам ғылыми еңбек жазды. Ол кісінің ғылыми мектебі қазіргі таңда да жемісті еңбек етіп келеді. Академиктің өмір жолы, сіңірген еңбектері бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге», – деді проректор.

Өз кезегінде Өмірбек Жолдасбековтің замандас әріптестері мен шәкірттері сөз алып, естеліктерімен бөлісті.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Гүл шоқтары қойылды



КазНУ имени Аль-Фараби в прошлом году выиграл мегагрант в конкурсе по научным и научно-техническим программам на 2023-2025 годы от Комитета науки Министерства науки и высшего образования РК. Сумма гранта составляет 4 млрд тенге. Проект будет осуществляться в течение трех лет. За этот период ученым предстоит найти пути решения в вопросах по устойчивому эколого-социально-экономическому развитию региона, экологии, сохранению и управлению водными ресурсами, животного и растительного мира. Накануне Международного женского праздника мы беседовали с руководителем мегапроекта доктором географических наук, профессором Аскаровой Маулкен Акишовной.



– С экологической проблемой давно занимаетесь?

– С переходом в университет 1998 г., я вплотную занялась вопросами экологии окружающей среды, это экологическое состояние атмосферы, водной

Профессор Маулкен АСКАРОВА:

Счастья, успехов и процветания вам, дорогие женщины!

среды, почв, биоразнообразия растительности и животного мира. В те годы я активно участвовала в качестве исполнителя в различных научных проектах, связанные с эффективностью функционирования особо охраняемых природных территорий, ландшафтно-экологической оценкой депрессивных территорий Казахстана, занималась проблемой опустынивания и многих других проектах. Я с большим удовлетворением вспоминаю свое участие в создании Национального атласа РК, участие в экологической части фундаментального труда 3-х томной монографии «Республика Казахстан», это том 3-ий «Экология и окружающая среда». Работы, связанные по отдельным опасным природным процессам, селевые явления и оползни широко внедрены в практику работ ГУ «Казселесзащита». Результаты упомянутых выше работ, легли в основу моей докторской диссертации, связанные с управлением экологической безопасностью природно-хозяйственных систем Казахстана. Основным научным консультантом моей диссертации был выдающийся ученый РК Мальковский И.М., который ныне является дважды лауреатом Государственной премии РК, академиком. По результатам научных работ опубликованы около 200 научных работ, в том числе являюсь соавтором 3-х монографий, ряд статей опубликованы в высоко рейтинговых зарубежных журналах, с высоким процентом цитирования Q1, Q2. В настоящее время, подготовлена к изданию еще одна монография в соавторстве с Айжан Мусагалиевой.

– Маулкен Акишовна, Вы в своей жизни многого достигли, соответственно они отмечены наградами. Вы довольны своей профессией?

– За все эти годы моей работы в университете, я ни разу не пожалела, что пришла работать на факультет географии и природопользования, он готовит высококвалифицированных специалистов с передовыми компетенциями в области географических наук, отвечающих всем современным требованиям. Во время преподавания, мною разработаны многие спецкурсы по экологии, геоэкологии и природопользованию. По их результатам опубликованы ряд учебных пособий, одна из них на 3-х языках, на казахском, русском и английском. Участвовала с докладом в многочисленных научных конференциях, в том числе и зарубежом: в КНР, Франции, Германии, Болгарии, Турции, России, Грузии, Азербайджане, Украине, Туркменистане и др. Если говорить о наградах за время моей деятельности в КазНУ им Аль-Фараби, я в 2013 г. выиграла конкурс на звание «Лучший преподаватель Республики Казахстан», в 2021 г. университет наградил грамотой «Құрмет», а в 2022 г. – медалью «Ерен еңбегі үшін».

– О деятельности факультета что можете сказать?

– На факультете выполняются 2 больших проекта по программно-целевому финансированию и 12 проектов по грантовому финансированию. Факультет принимает активное участие в национальном проекте, запущенном в 2012 г. «Зеленый мост через поколения». Факультетом долгое время руководил д.г.н., проф. Сальников Виталий Григорьевич и в сентябре 2023 г. на смену ему пришла молодой географ, геоэколог к.г.н., доцент Ақтымбаева Алия Сағындықовна, она выпускник нашего университета, защитила у нас кандидатскую диссертацию. Знает все проблемы факультета и сейчас активно работает для его развития. В октябре

Для реализации программы был создан инновационно-образовательный консорциум, состоящий из 9 участников, включая университеты, научные организации, предприятия. Единым координатором всех участников консорциума является НАО «КазНУ им. Аль-Фараби», по 8 обозначенным задачам назначены руководители, которые в свою очередь координируют рабочую группу подзадач. К выполнению программы привлекаются более 250 человек.

2023 г. коллектив факультета выиграл по конкурсу мегапроект программно-целевого финансирования, над которой работали почти все лето. Это было большое и радостное событие для нас и в тоже время очень большая ответственность!

– Расскажите, пожалуйста, об этом мегапроекте подробнее?

– Программа мегапроекта направлена на решение стратегически важных задач в Западно-Казахстанском регионе, связанных с устойчивым эколого-социально-экономическим развитием территории в средне- и долгосрочной перспективе, рациональным использованием водных ресурсов, животного и растительного мира, экологии, сохранением и управлением водными ресурсами; качеством почв, дег-

радацией почвенного покрова вызванных техногенными нарушениями, обмелением водных объектов, загрязнением атмосферного воздуха нефтепродуктами и токсичными химическими веществами, развитием эрозионных процессов, радиоактивным загрязнением и пастбищной депрессией, опустыниванием в результате хозяйственной деятельности. Для реализации программы был создан инновационно-образовательный консорциум, состоящий из 9 участников, включая университеты, научные организации, предприятия. Единым координатором всех участников консорциума является НАО «КазНУ им. Аль-Фараби», по 8 обозначенным задачам назначены руководители, которые в свою очередь координируют рабочую группу подзадач. К выполнению программы привлекаются более 250 человек. На данный момент, в рамках Программы, на нашем факультете создан Научный центр, который состоит из 10 полностью оснащенных оборудованных и мебелью лабораторий, где будут проводить различные исследования молодые специалисты, обсуждать полученные результаты и даже представится возможность преподавателям проводить занятия с магистрантами и докторантами.

– Какие будут поздравления, пожелания коллегам?

– Нашему славному университету – 90 лет, который был и остается вузом-флагманом в Республике! Известен далеко за пределами Казахстана! Многие наши выпускники стали известными людьми в Казахстане! Некоторые из вас, как и я сама учились здесь и работаете сегодня преподавателями! То есть вся наша жизнь связана с университетом. Желаю вам творческих успехов, крепкого здоровья и много способных и талантливых студентов, которые будут строить жана Казахстан! Накануне праздника, хочу поздравить всех девушек и женщин нашего университета с Женским праздником 8 марта! Наши женщины, имея семью, детей охотно занимаются научно-исследовательской деятельностью, пишут статьи, монографии, учатся в докторантуре и защищают диссертации! Хочется пожелать вам, дорогие женщины так держите, горите работой, будьте любимой женой, ласковой и понимающей мамой для своих детей! Счастья, успехов и процветания вам!!!

Кстати, недавно газета «Qazaq universiteti» отметила свой 75-летний юбилей! Поздравляю коллектив редакции газеты с юбилеем! Ваша газета всегда интересно освещает основные новости университета, знакомит с уникальными людьми, будущими проектами и одаренной молодежью! Желаю вашему высоко профессиональному коллективу дальнейших творческих успехов в издании уникальной и интересной газеты!

– Спасибо за содержательную беседу, с наступающим Женским днем!

Беседовал
Каиржан ТУРЕЖАНОВ

ҮЗДІК ОҚЫТУШЫҒА БЕС САУАЛ

1. Сіздіңше, «ЖОО-ның үздік оқытушысы» қандай болуы керек, қандай талаптарға (педагогикалық, психологиялық және т.б.) жауап беруге тиіс?
2. Дәріс оқитын пәніңіз бойынша оқу бағдарламасы көңіліңізден шыға ма? Сіздің ойыңызша, оны жетілдіру үшін не істеуге болады?
3. Білікті маман даярлауда біздің қоғамның қандай кемшін тұстары бар, атай аласыз ба?
4. Жастардың білім деңгейі көңіліңізден шыға ма?
5. «Қоғам сауатсызданып барады» деген көзқараспен келісесіз бе?



нына түскен соң, оны шыңдай білу, өз бетінше іздене білу, ізденіске деген ерік-жігерінің мықты болуы өзіне байланысты. Қазіргі жастар өзіне өмірде керекті дүниені аңдай алады және соған қол жеткізуге мақсат қоя біледі. Жастардың білім деңгейі көңіліңізден шығады. Дегенмен кей кездері жақсы білім жинақтағанмен, рухани-адамгершілік тұстары ойландырады. Құндылық жағынан қынжылтатын тұстары баршылық.

5. Ақпараттың мол легінен қажетсіз дүниелерге әсерленіп кетіп барады деуге болады. Бұл рухани негіздерді аса жетік білмеуден орын алады. Мәселен, биыл Қазақ ұлттық университетіне 1-курсқа 10 мыңға жуық студент қабылданды. Біз, Дінтану және мәдениеттану кафедрасы, университет бойынша «Мәдениеттану» пәнін жүргіземіз. Студенттердің санасына ықпал ету, дұрыс жолға бағыттау, мәдениетіміз туралы жақсы ақпарат беріп, қазақы дүниетанымын дәріптеу мақсатында студенттермен жұмыс істеу методикасын жаңарттық: өзіндік жұмыстарға музей, театрға, мәдени ескерткіштер және т.б. орындарға барған соң ғана орындай алатын тапсырмалар және т.с.с. мәдениетімізге тереңдей түсетін тапсырмалар беріп, кері байланыс жасап отырдық. Бұл 10 мың студенттің 10 мың досы, 16 мың ата-анасы мен бауыры, осыншама ата-әжесі, туыстары бар деген болжаммен алсақ, осы ортаға қосқан кішігірім үлесіміз болса деген ниет болған еді. Себебі соңғы уақытта дінді алға тартып, бұрын-соңды мәдениетімізде болмаған оғаш дүниелер айтылып, соны қоғамның жігін ажыратуға пайдаланып жатқандар да жоқ емес. Мұндай жағдайдың басты себебі – өзімізді терең тани алмауымыздан да болып тұр. Өзіміздің тұнып тұрған бай мәдениетіміз бен тарихымызды місе тұтпай, үлгі тұтар дүниелерді сырттан іздеуімізден болып тұр. Барды білмеу мен жоқ дегеннің арасы бірдей емес. Барды білмеуден жоқ деп санап, басқа мәдениеттің жетегінде кетуден сақтану – осы міндет қоғамның сауатсыздануынан сақтайды деп айта аламын.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

қорын кеңейтіп, ағылшын тілін оқуға деген қызығушылығын арттыра аламыз. Шет тіліндегі сөздерді тыңдауға, енгізген мәтінді онлайн дыбысқа айналдыруға арналған көптеген мультимедиалық білім беру ресурстары бар.

Қазіргі таңда осы технологияларды ҚазҰУ-дың оқытушысы ретінде өз студенттеріме тіл үйретуде үнемі қолданамын. Анығында, цифрлық технологиялар студенттің оқуға деген қызығушылық пен бәсекелестікті туғызады. Оқытушы ретінде алға қойған мақсатым қазіргі заманға сай ағылшын тілі пәнін оқытуда цифрлық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың білік-дағдысын дамыта отырып, сауатты шешім қабылдай алатын қазіргі заманауи кәсіби мамандарды даярлау.

Раушан БАЛҒАБЕКОВА,
Шет тілдері кафедрасының оқытушысы

Айнұр ҚҰРМАНАЛИЕВА, ҚазҰУ профессоры:

Басқа мәдениеттің жетегінде кетпеу – сауатсызданудан сақтайды

1. Оқу ордасының зерттеу университеті ретінде білім беру кеңістігіне қадамы білім беруді, ғылымды және инновацияларды интеграциялау мақсатында іске асатыны анық. Бұл оқытушыларға қойылатын талапты жаңартады, оқытушылар мен профессорларды ғылыми-зерттеу қызметіне және ғылыми жобаларды іске асыруға жан-жақты тарту қажеттілігін көрсетеді. Сондықтан білім беру процесімен қатар, қазіргі кезде ғылыми зерттеулер жасауға қабілетті және студенттердің ғылыми ізденістеріне жетекшілік ете алатындай құзыреттілік аса маңызды деп ойлаймын. Ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынасты өзіндік тұлғалық болмысыңызбен де үлгі бола отырып әсер ете аласыз. Яғни қандай болу керектігін айтқаннан гөрі, өз тәжірибеңізбен көрсете білген неғұрлым тиімді. Әрине, бұл ретте педагогикалық білігіңізбен қатар, психологиялық тұрғыдан білім алушыларға қолдау көрсете алатындай болу керек. Қазіргі кезде студенттерге кей кездері қарапайым коммуникация, араласу жетіспей жатады. Білім беру үрдісі, ғылыми ізденістерге арналған жоба дайындау барысында оқытушы студенттің қандай мәселесі барын бірден біле алады. Сондықтан сабаққа немқұрайды болу, қызығушылықтың күрт төмен түсуі, ортасының өзгеруі секілді мәселелер бірден назарға алы-

сауатсызданудан сақтайды

нып, дер кезінде жасалған психологиялық көмек бірқатар мәселенің алдын алатыны ақиқат.

2. Пәннің мазмұнын жетілдіру оқытушының өз құзырында, ол қозғалыстағы процесс. Егер кемшін тұстары болса, өзгертіп, жетілдіріп тұруға мүмкіндіктер бар. Қазіргі заман ақпараттың ағыл-тегіл ағынының заманы, аудиториядағы бір дәрістің көлемінде әлемде бірнеше жаңалық болып жатады. Оқытушы мен студенттің алатын ақпарат көзі тең, студенттің назарын өзіңде ұстап, таңғалдыра қою өте қиын, дегенмен бар ақпаратты сыни көзқарас тұрғысынан ой елегінен өткізіп, сараптама жасай алу, оған баға беруге үйрету және оны болашақ қызметінде, кәсібінде пайдалана білу, қабілетті дағдыландыру – бұл басқа мәселе.

Қазіргі кезде әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы оқытушылар үшін тіпті қиын, себебі ақпарат, осы бағыттағы жаңалық тез өзгеріп отырады. Бұл ретте цифрлық технологияның озық үлгілерін, жаңа әдістерді меңгеріп, оқу процесінде пайдаланған абзал. Осы ретте курстарды беру барысында жұмыс берушілердің ұсынысына және олардың бізге айтатын талаптарына ерекше назар салып отырамыз. Мәселен, қазіргі кезде жастардың басым бөлігі өзіне қажетті мәліметті

әлеуметтік желіден алуға бейім. Себебі бұл қолжетімді, тез, ыңғайлы. Қолда ұялы телефон болса жеткілікті. Сондықтан дін мәселелері бойынша да сапалы, тартымды контент дайындау сұранысы туындап жатыр және осы контентпен танысқан оқырманға комментарий, бағыт-бағдар беруші дінтанушы-блогерлерге сұраныс артуда. Пәнді жетілдіру үшін үнемі ізденіс үстінде болу керек және қоғам сұраныстарына жауап бере алатындай мамандарды дайындауға қажетті бағдарламаны жетілдіріп отыру керек.

3. Жұмыс болған соң, жетілдіруге назар аударатын жағы болатыны табиғи құбылыс. Ең бастысы, сол кемшіліктерді көре біліп, соны түзете білу қажет. Өз салам тұрғысынан айтқым келетіні: әрине, теориялық білімнің практикамен тығыз байланысына назар аудару керек. Семинар сабақтары, практикалық дәрістер тәжірибелік ортада өткені тиімді. Мәселен, дерадикаландыру бойынша теориялық білім сол орталықтардың жұмысына етене жақын араласқан форматта болғаны дұрыс. Ал бізде бұған рұқсат немесе арнайы жұмыстардан соң ғана араласа алу мүмкіндігі бар. Бұған қоса, материалдық-техникалық база жағы да алдыңғы қатарлы

университеттердің деңгейіне жете алмай жатқан жағы да жоқ емес. Студенттердің бірқатары шетелдік университеттердің қабырғаларын көріп, оң-солын танып қалған. Бұған қоса, ғаламторда барлық мәліметтер тұр. Сондықтан бұл да мамандықтың беделіне әсер етеді. Сондай-ақ білікті маман даярлауда жұмыс берушілермен тығыз байланыс болғаны дұрыс. Болашақты болжай алатындай стратегиялық мамандарды даярлау қажет. Студенттердің шет тілдік компетенттілігі де қазіргі кезде оқытушылардан басым түсіп отырады, сондықтан материалдарды зерттеу барысында да білім алушылардың мүмкіндігі көбірек. Сондықтан жан-жақты мәліметтерді, үлкен деректерді, жаңа технологияларды қолдана отырып, білім беру және білім алушыларды сараптамалық құзыреттіліктерге үйреткен жөн.

4. Жастар болғанда, бұл жерде студент жастар немесе мектеп бітіре сала жұмысқа тартылып кеткен, не өз орнын таба алмай жүрген жастардың білім деңгейі туралы айту керек. Студент жастар бізге мектептен алған білім қорымен келеді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл тек жастардың ғана емес, біздің мектептердің де көрсеткіші болып табылады. Ал жоғары оқу ор-

Жаһанданған заманда технологиялық құрылғылар, цифрлық медиа және мобильді қосымшалардың өміріміздің бір бөлігіне айналғаны айқын. Заманауи компьютерлік желінің көмегімен дүниенің төрт бұрышындағы ақпаратқа кез келген нүктеден оңай қол жеткізуге өрі оңай бақылауға болады. Технологиялық прогресс біздің өмір сүру деңгейімізді көтеріп қана қоймайды, сондай-ақ жаңа мүмкіндіктер ашады.

Тілдерді оқыту теориясы шеңберіндегі цифрлық технологиялар термині компьютерлер мен портативті электрондық құрылғыларды (планшет, смартфон және т.б.) пайдаланатын технологиялардың барлық түрлерін айғақтайды. Бұл

Шет тілін үйренудегі

цифрлық технологияның маңызы

технологиялар тіл үйретуде білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлі формаларында қолданылады. Шетел тілін оқытуда мультимедиалық және цифрлық ресурстарды атқаратын функцияларына байланысты төмендегідей бөлуге болады:

Ең көп қолданылатын онлайн ресурстардың бірі – Podcast қолданбасы. Бұл қолданба студенттердің тілдік дағдыларын, әсіресе тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытуға үлкен үлес қосады. Podcast – пайдаланушыға радиохабарларды интернет арқылы жүктеп алуға және оларды кез келген уақытта тыңдауға мүмкіндік беретін цифрлық қолданба. Podcast тіл үйренушілерге

шынайы тіл мен нақты материалды ұсынады, өйткені білім алушылар оқулықтарға қосымша ресурс ретінде подкастарды пайдалана алады.

Quizlet – күндізгі және қашықтан оқытуға кроссворд жасауға арналған ерекше құрал. Флэш-карталарды жасауға мүмкіндік беретін, қолданылуы жеңіл веб-сервис ұстаздардың ең танымал ресурсы. Quizlet өзіме өте тиімді, өйткені ол білім алушының қайталауға тиіс негізгі ұғымдар мен анықтамаларды ұсынады.

Kahoot – қазіргі таңда кез келген пәнді оқытуда кеңінен қолданылатын викторина ойыны, getkahoot.com сайтына кіріп, викторина жасағаннан кейін оқушылар өз құрыл-

ғыларынан kahoot.it сайтына берілген викторина коды арқылы қосылады. Онда бірнеше таңдау сұрақтары көрсетілген орталық экран қолданылады. Өр сұраққа ұпай оған қаншалықты тез жауап берілгеніне және оның дұрыс болғанына байланысты беріледі.

Осындай тың, жаңа тәсілдің біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалар арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады. Ағылшын тілі сабағын озық технологиялардың көмегімен оқыту барысында түрлі дидактикалық тапсырмаларды орындауға, оқу дағдыларын қалыптастыруға, заманауи оқыту құралдары платформаларының көмегімен білім алушылардың сөздік

Чан Бенг СУН:

Студенттер Корей елі тарихымен танысуға

МҮМКІНДІК АЛДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Корей халқының шетелдік серіктестерімен кең ауқымды байланыстар орнатуда. Негізгі ынтымақтастық бағыттар – ғылым, білім, мәдениет бойынша жүзеге асырылмақ. Осы орайда, Корей Республикасынан келген, шығыстану факультеті Қиыр Шығыс кафедрасының доценті Чан Бенг Сунды өңгімеге тарттық.



Чан Бенг Сун – Ханяңг университетінің мәдени антропология бакалавры, Донггук университетінің менеджмент магистрі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті саяси ғылымдар кандидаты. Мансап жолындағы тәжірибесі өте мол. Мәселен, Сеул қаласындағы Азия мәселелері институтының директоры, Мәскеу қаласындағы «IT.com» компаниясының бас директоры, Корей Республикасында «Tongnamunaga.com» компаниясының бас директоры атанған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Корейтану кафедрасында аға оқытушы болды. Ұзақ жылдар бойына Орталық Азиядағы «Бір Азия» клубының директоры мансабын абыроймен атқарды. Жапониядағы Еуразия қорының қолдауымен жүзеге асқан «Еуразия» халықаралық ғылыми жобасының директоры т.б. қызметтерін атқарған. 2007 жылдан қазіргі уақытқа дейін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қиыр Шығыс кафедрасының доценті.

– Қазақстанға алғаш рет 1993 жылы келгенмін. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетіне аспирантураға түсіп, 2011 жылы саяси ғылымдар кандидаты атандым.

2007 жылы университетіміздің шығыстану факультетінің Қиыр Шығыс (корейтану) кафедрасында студенттерге сабақ бере бастадым. 2007 жылы осы университетте қызметке кіріскеннен бері барлығы жиырма университетпен, соның ішінде Сеул ұлттық университеті, Йонсэ университеті, Коре университеті, Ханьян университеті, Донггук университеті, Кукмин университеті, Сунгшил университеті, Хонгик университеті, Соганг университеті және Конкук университеттерімен ҚазҰУ арасында байланыс орнатуға үлес қосып, септігімізді тигізуге тырыстық. Меморандумға қол қою арқылы корей бөлімі студенттері Корей университеттерінде тіл жетілдіріп, сол елдің мәдениеті мен тарихымен танысуға көп мүмкіндіктер алды, – деді Чан Бенг Сун.

Доценттің айтуынша, 2013 жылдан осы уақытқа дейін барлығы 300-ге жуық ҚазҰУ магистранттары мен докторанттары Корейның Донггук және Ханьян университетіне оқуға және жазғы мектепке жіберілген.

– Сонымен қатар корейтану бөлімінің 70-ке жуық студенті Корейның Ұлттық стипендиялық бағдарламасы бойынша (KGSP) магистратура және докторантурасына ұсынылып, қабылданды. Ал 2012 жылы Жапонияның «Еуразия» қорының қолдауымен халықаралық

«Еуразия» жобасы ҚазҰУ университетінде өз жалғасын тауып, он жыл бойы жоба директоры ретінде қызмет атқардым. Бұл жоба аясында Корейдан және дүниежүзінен 30-ға жуық профессор, Қазақстаннан 100-ден астам профессор дәріс оқуға шақырылды, – дей келе, ұстаз жарияланымдары мен еңбектерін атап өтті.

«COVID-19 дағдарысы кезіндегі қазақстандық жоғары оқу орындарындағы ұйымдастырушылық мәдениет және әлеуметтік ахуал» тақырыбында Қазақ ұлттық университетінде зерттеу жүргізген. Аталмыш зерттеу Америка Құрама Штаттарының Философиялық құжаттама орталығында жарияланған. Одан бөлек, «Империалистік корей мәдени объектілері жинағының әсері», «Этникалық бірегейлікті қалпына келтірудің мәдени саясаты», «Өзін-өзі танудағы инновациялар» т.б. индекстелген халықаралық журналдарда мақалалары жарияланған. «XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы Қытайдың Орталық Азиядағы стратегиясы», «Корей-орыс аудармасы: маңызды мәдени мұра» т.б. кітаптары жарық көрген.

Халықаралық «Еуразия» жобасы аясында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті атынан көптеген білім ордаларында дәрістер оқыды: Мадридтің Комплютенс университетінің гуманитарлық факультеті, Испания; Бургос университеті, Испания; Донггук университеті, Сеул; Хило университеті, Гавайи, АҚШ; Сеулдегі Ихва әйелдер университеті; Ұлттық ғылым және технология университеті, Сеул; Пучон университеті, Ташкент т.б. және Қазақстанның бірнеше жоғары оқу орындарында студенттермен жүздесіп, тәжірибе алмасқан.

Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының ұйымдастыруымен Қытай, Корея, Жапония, АҚШ, Иран, Түркия елдерінен келген шетелдік студенттерге ғылыми-танымдық, тәрбиелік маңызы бар «Алғыс айту күні» атты ашық тәрбиелік іс-шарасы өтті.

Бұл іс-шараның мақсаты 1 наурыз – Алғыс айту күні мерекесінің мәні туралы түсінік беру және ризашылық пен алғыс, сыйластық құндылығы туралы түсініктерін кеңейтіп, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту әрі рухани құндылықтарды шетелдік азаматтарға кеңінен таныстыру болды.

Іс-шара барысында Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары баян-



дама жасады. Алғыс айту күні тағдыр тәлкегімен Қазақстанға қоныс аударған түрлі этнос өкілдерін қазақ халқы құшақ жая қарсы алып, басқа түскен ауыртпашылықты бірге көтеріп, қорған болғаны үшін қазақ халқына алғыс білдіретіні туралы сөз етті.

Сондай-ақ факультет студенттері сұрақ-жауап интеллектуалды ойын-сайысына қатысты. Алғыс айту күні мерекесі туралы көрме ұйымдастырылып, Қазақ елінің тарихы, салт-дәстүрі, ұлттық нақышы, киімі, тағамы мен мәдениеті, өнері



таныстырылды. Іс-шара музыкалық-поэтикалық кешпен жалғасын тапты. Бұл кеште студенттер дайындаған қойылымдарын көрсетті. Кеш барысында орыс, қазақ тілдерінде өлең оқылып, ән орындалды.

Шетелдік студенттер танымдық-мәдени іс-шараларға қатысу арқылы осы факультетте тек білім алып қана қоймай, рухани жетілу болатынына да көз жеткізді.

Айгүл СӘДЕНОВА

Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы

«Биотехнология» және «Биологиялық инженерия» білім беру бағдарламалары бойынша оқитын 3-курс студенттеріне арналған «Биотехнология кафедрасының ашық есік күні» іс-шарасы өтті. Мақсат – студенттердің болашақ мамандығына мотивациялық-құндылық көзқарастарын қалыптастыруға кәсіби бағыт-бағдар беру.

Ғылыми зертхана


ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Ашық есік күні барысында студенттерге кафедрадағы ғылыми зертханалар және онда оқытушы-профессорлар құрамының жүргізіп жатқан іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысуға үлкен мүмкіндік берілді. Студенттерге түрлі бағыттар бойынша ғылыми жобалар шеңберінде алынған нәтижелер және оларды практикада қолдану мен елімізде өндіріске ендіру перспективалары көрсетілді.

«Биотехнология» ББ 1-курс магистранты А.Мадаутова студенттерге «Өсімдіктер биотехнологиясы» зертханасында «ҚР өндіріс саласына табиғи қант алмастырғыш көзі – стевия өсімдігін ендіру үшін биотехнологиялық көбейту әдістерін жетілдіру» тақырыбы аясында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен таныстырды. Биотехнологиялық әдістердің негізінде Қазақстанның оңтүстік аймағының климаттық жағдайына бейімделген, өнімділігі жоғары, зиянкестер мен ауруларға төзімді жаңа селективті линияларын алу. Оларды өсімдік шаруашылығына ендіру, стевия шикізатынан функционалдық мақсаттағы «Жаңа буын тағам өнімдерін» жасау және олардың ассортиментін кеңейту жолдарын, осының негізінде болашақта негізгі тұтынушылардың сұраныстарына ие отандық тауарларды шығару және оларды коммерцияландыру мүмкіндіктерін айқындайтын баяндама жасады. Сонымен қатар бүгінгі күні бірқатар бакалавр мен магистранттардың қатысуымен Оңтүстік Қазақстанда аудандастыруға жарамды стевияның өнімді селекциялық линияларын алу, сондай-ақ стевия шикізатынан функционалдық мақсатта сусындар дайындау бағытында зерттеу жұмыстары жалғасып жатқаны және бұл өз кезегінде стевияның егістік плантацияларын кеңейтіп, функционалдық мақсаттағы жаңа ұрпақ өнімдерінің ассортиментін түрлендіруге қажет отандық стевия шикізат көзімен қамтамасыз ететіні туралы мәлімдеді.

Б.ғ.д., профессор С.Атабаева студенттерді «Молекулалық экофизиология» зертханасында өзінің жетекшілігімен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыттарымен таныстырды. Ауылшаруашылық өсімдіктерінің (бидай, күріш, қытай бұршақ, арпа) физиологиялық және биохимиялық процестеріне ауыр металдар мен тұздардың тигізетін әсерін



зерттеу және фиторемедиация технологияларын жасау бағытында жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін баяндады. Сонымен қатар оқытушы Г.Доқтырбай студенттерді осы зертханада б.ғ.д., профессор С.Кенжебаеваның жетекшілігімен «Мутантты жаздық бидай гермоплазмасының сары және жапырақ тат ауруларына төзімділігі, морфометриясы мен дән сапасының молекулалық биохимиялық сипаттамасы» тақырыбы аясында жүргізіліп жатқан ғылыми жобаның өзектілігі мен практикалық маңыздылығын айқындайтын презентациялық баяндама жасады. Зертханалармен таныстыру барысында студенттерге жаздық жұмсақ бидайдың мутантты гермоплазмасын алуда қолданылатын заманауи әдістерді сипаттай отырып, алынған жаңа мутантты линиялардың өнімділігін, олардың түрлі тат ауруларына төзімділігін және морфометриялық көрсеткіштерін, дәндердің сапасын, тағамдық құндылығын, яғни дәндердің құрамындағы белок мөлшері мен маңызды микроэлементтердің (Fe, Zn,) биожетімділігін айқындау мақсатында орындалатын молекулалық-биохимиялық зерттеу жұмыстарының инновациялық технологияларына жалпылама шолу жасады. Ізденіс жұмыстарының нәтижесінде алынған негізгі ғылыми жетістіктерімен және оларды практикада қолдану мүмкіндіктерімен таныстырды.

Аға оқытушы А.Талипова студенттерді «Биоматериалдар» зертханасында орындалып жатқан ғылыми ізденістер бағыттарымен, яғни кератинді ыдырататын қасиетке ие белсенді термофильді бактериялардың консорциумын қолданып, құс өсіру өндірісінің кератинді қалдықтарын тазарту, сонымен қатар бие және ешкі сүтінің комбинациясы негізінде полисахаридтік симбиоздық матацаға иммобилизденген пробиотиктерге бай өнімдер алу технологияларымен таныстырды. Б.ғ.к., доцент Г.Ерназарова «Клеткалық биотехнология» зертханасында микробалдырлар мен су өсімдіктерін in vitro жағдайында өсіру және оларды биологиялық белсенді заттардың табиғи көздері ретінде пайдаланып, медицина, фармакология және тағам өндірісінде құндылығы жоғары өнімдер алу мүмкіндіктерін баяндады.

Салтанат АСРАНДИНА,
б.ғ.к., доцент

Президент корпорации CNPC по Центральной Азии и России Биан Дыжи встретился с руководством и обучающимися КазНУ имени Аль-Фараби и прочел лидерскую лекцию на тему «Достижения китайско-казахстанских отношений и нефтегазовой деятельности CNPC в Казахстане». Почетного гостя из Китайской Народной Республики приветствовал и представил присутствующим Председатель Правления – Ректор КазНУ имени Аль-Фараби Жансеит Туймебаев.



ситет выпустил тысячи ученых и выдающихся деятелей, которые вносят большой интеллектуальный вклад в государственное управление, развитие науки, культуры и формирование современного бизнеса и экономики Казахстана», – сделал небольшой экскурс перед лекцией г-н Биан Дыжи.

Профессор Биан Дыжи в

Президент корпорации CNPC Биан ДЫЖИ:

КазНУ пользуется большой популярностью в Китае


своем докладе рассказал о деятельности компании CNPC, которая занимается разведкой месторождений, реализацией нефти и нефтепродуктов и поставкой сырья на нефтеперерабатывающие заводы Казахстана, а также полно, содержательно раскрыл тему современного состояния и перспектив китайско-казахстанских отношений в нефтегазовой отрасли.

«Казахский национальный университет не только пользуется хорошей репутацией в Центральной Азии и России, но также пользуется большой популярностью в Китае. При весомой поддержке ректора Жансеита Туймебаева в последние годы установились отношения сотрудничества 43 вузами КНР, такие как Пекинский университет, Шанхайский университет иностранных языков, Уханьский университет, Китайский нефтяной университет и др. На базу КазНУ начал свою работу филиал Китайского Северо-западного политехнического университета, внося свой вклад в культурный обмен между двумя странами. Казахстан и Китай связаны общими корнями, а также страны очень похожи в культурном отношении. Более 30 лет наши страны официально установили дипломатическое отношение. На протяжении этих лет Китай и Казахстан поддерживает дружеское отношение, где царит взаимопонимание, взаимодоверие, взаимовыгода и обоюдный выигрыш. Стороны глубоко уважают суверенитет, независимость, территориальную целостность, путь развития и основные интересы друг друга. Отношение между двумя странами выдержало испытание временем и стремительно меняющиеся международной обстановкой. Взаимное доверие в политике вопроса безопасности достигла небывалых высот. Концепция вечного мира, и передающиеся из поколения в поколения дружбы глубоко укоренилось в сердцах людей. Все больше укрепляет

ся традиционная дружба и непрерывно реализуется проекты стратегического партнерства, став образцом добрососедской дружбы и взаимовыгодного сотрудничества между нашими странами. Нынешнее отношение между Китаем и Казахстаном переросло в вечное стратегическое партнерство.

Когда главы государства Китая и Казахстана 3 января 2022 года обменялись поздравительными телеграммами по случаю 30-летия установления дипломатических отношений между двумя странами, Председатель КНР Си Цзиньпин отметил, что за 30 лет с момента установления дипломатических связей, отношение между Китаем и Казахстаном поддерживались на высоком уровне, политическое взаимодействие постоянно углублялось, обмен на всех уровнях все более тесными. Сотрудничество в совместных развитии инициативы «Один пояс – один путь» принесло плодотворные результаты, гениальное благо народам двух стран. А Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в свою очередь подчеркнул, что за 30 лет после установления дипломатических отношений Казахстан и Китай показали пример развития в межгосударственных отношений в международном сообществе, и стали важным фактором стабильности и процветания в Евразии. Обе стороны полностью решили оставшие пограничные вопросы и превратили общую границу в мост дружбы между Казахстаном и Китаем.

Когда Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев 17 октября 2023 года отправился в Китай для участия в III международном форуме о сотрудничестве «Один пояс – один путь», Председатель КНР Си Цзиньпин отметил, что стабильные, динамичные китайско-казахские отношения способны укрепить доверие между двумя странами, и решительно содействовать в поддержке мира в стабильности. Независимо



«В этом году университет отмечает 90-летие. За годы своей деятельности университет выпустил тысячи ученых и выдающихся деятелей, которые вносят большой интеллектуальный вклад в государственное управление, развитие науки, культуры и формирование современного бизнеса и экономики Казахстана», – сделал небольшой экскурс лекцией г-н Биан Дыжи.

от того как изменится международная ситуация Китай и Казахстан будет придерживаться в рамках своих первоначальных установлений и помогать друг-другу, передавать из поколения в поколение концепцию добрососедства и дружбы. Постоянно способствовать развитию вечного, всестороннего и стабильного стратегического партнерства между двумя странами.

Китайская национальная нефтегазовая корпорация CNPC является комплексной международной энергетической компанией. Входит в тройку крупнейших нефтяных компаний мира по версии журнала «Почин». В настоящее время нефтегазовая деятельность корпорации CNPC ведется в 38 странах мира по следующим направлениям, как разведка и разработка углеводородов, переработка нефти и газа, нефтехимия, реализация нефтепродуктов и их транспортировка, инженерия, инженерно-строительные услуги и др. CNPC способствует укреплению сотрудничества между Китаем и Казахстаном, достигла стремительного развития после 20 лет упорной работы. В области инженерных технологий инженерного строительства, материалов и оборудования, а также реализации нефтепродуктов CNPC вместе с остальными партнерами

реализует в Казахстане 7 проектов по добыче нефтегаза, 2- нефтепровода, 2 – газопровода. На совместных предприятиях созданы рабочие места для 25 тысяч человек в Казахстане. Из которых 95% местные сотрудники. В области разведки и разработки нефти и газа CNPC интегрировала передовые технологии и добилась ряда достижений, которые привлекли внимание всего мира. В Прикаспийском бассейне успешно открыто крупнейшее в мире нефтяное месторождение независимого Казахстана. А в Южнотургайском бассейне открыты ряд новых нефтегазовых залежи. В разработке добычи компания преодолела проблему мирового уровня. По разработке месторождения нефти сложных карбонатных пород в месторождение Кенкияк.

Я лично принимал участие в вышеупомянутых двух проектах и можно сказать, что это стало большим событием и гордостью моей карьеры. Проект Кашаган в Каспийском море, разрабатываемый совместно с нашими партнерами уже имеет добычу я также лично участвовал в годовой мощностью 18 млн тонн. Я также лично участвовал в процессе оценки по покупке акции, в переговорах по представлению капитала по проекту Кашаган. В области нефти и газа казахстанско-китайский трубопровод с годовой мощностью 20 млн тонн является крупнейшим трубопроводом Казахстана, напрямую связанной с международным рынком, что способствовало диверсификацией энергетического экспорта Казахстана. Газопровод Центральная Азия – Китай с совокупной годовой пропускной способностью 55 млрд м³ берет начало от туркменско-узбекской границы на западе и достигает Китая через Узбекистан и Казахстан. Его общая протяженность составляет 1833 км. Газопровод Базой-Бейнеу-Шымкент имеет общую протяженность 1454 км и годовую пропускную способность 15 млрд м³. Словом энергетическая артерия приносит экономические выгоды и социальные развития народов стран вдоль всего маршрута, в том числе народу Казахстана, а также согревает 1.4 млрд населения Китая, что углубляет китае-казахстанское сотрудничество и становится новым Шелковым путем. В сфере образования, а также профессиональной подготовки и культурного обмена предприятие с участием CNPC оказали поддержку сотням студентам Казахстана в получение высшего образования в Китае и в других странах. Созданная в Казахстане стипендиальная программа ежегодно отбирает выдающихся местных молодых студентов для обучения в известных университетах КНР, Казахстана и других стран. По 2023 год CNPC инвестировала в Казахстан около 45 млрд долларов и вложила 410 млн долларов США в социальное обеспечение, еще 50 млрд долларов компания выплатила в виде налогов», – подытожил профессор свою лидерскую лекцию.

OUR GRADUATE



High ranking diplomat

Ainur Karbozova was born on 7th December 1978 in Kazakhstan. She graduated from the Faculty of International relations, Specialty "International Relations and Diplomacy". Diplomatic Academy of the Ministry of Foreign Affairs, Specialty "International Relations".

Current occupation: Deputy Chairman of the Board of JSC KAZGUU University named after M.S. Narikbaeva.

Education, specialty (qualification), licenses: London School of Economics within the framework of the international program "Bolashak", master's degree, Specialty "Public Administration and Management".

Language skills: Kazakh, Russian, English.

Diplomatic rank: 1st secretary of the 1st class

Work Experience:

- Attache, Third Secretary of the Department of Information and Analysis of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan;
- Head of the Press Service of the Embassy of Kazakhstan in South Korea;
- Director of the Department for Organization of Training and Monitoring of JSC Center for International Programs;
- Third, Second, First Secretary for Investment, Trade and Technology of the Embassy of Kazakhstan in the UK;
- Advisor on Investment, Trade and Technology at the Embassy of Kazakhstan in the UK;
- Head of representative offices of Kazakh Invest JSC and the Public Fund "Ulttyk Audarma Bureausy" in the UK;
- President of JSC Center for International Programs (09.2019-01.2022);
- Deputy Chairman of the Board of JSC M.S. Narikbaev KAZGUU University (from 02.2022);

Nurbek NURZHAN


Химия және химиялық технология факультетінде «Science. Research. Publication» атты халықаралық қысқы мектеп өтті. Ақысыз, барша ынталы академиялық ортаға арналған мектепте университет ғалымдарынан өзге, Ariel University (Израиль), Rutgers University (АҚШ), University of Novi Sad (Сербия), Babes-Bolyai University (Румыния) сынды жетекші университеттер мен А.Н.Фрумкин атындағы Физикалық химия және электрхимия институты PFA ғалымдары бір апта көлемінде ғылыми зерттеуден жарияланымға дейінгі түрлі мәселелерді тілге тиек етті.

Заманауи ғылыми мақаланы қалай жазамыз?

Химия және химиялық технология факультетінің деканы, қауымдастырылған профессор Алина Галеева қысқы мектептің жарияланымдар қарқындылығын арттыруға бағытталғанына, мамандарды дайындауда білім беру мен ғылымды ұштастыруға зор көңіл бөлінетініне және оған дәлел, дәріс оқуға алыс-жақын шетелден білікті ғалымдардың шақырылғанына тоқталды. Қысқы мектептің екінші жыл қатарынан жалғасын табуына мұрындық болған Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор Ақмарал Арғымбаева жоғарыда айтылған ойды жалғап, қысқы мектептің жас ғалымдар, докторанттар мен магистранттарға берері мол және жарияланымдарының сапасы мен маңызын арттыруға мүмкіндік беретінін жеткізді.

Қысқы мектеп қатысушылары профессор Болат Кеңесовтің дәрістерінен ғылыми тәжірибені тиімді жоспарлаудан бастап, ғылыми зерттеу әдістерінің негізгі критерийлері мен принциптерін ұғынуға мүмкіндік алды. Ал Rutgers the State University of New Jersey профессоры Пол Тахистов XXI ғасыр жұмыс күшін дайындаудағы белсенді және тәжірибелік оқытудың рөлін баяндап берді.

Жас ғалымдардың өз нәтижелерін тұшымды еңбек, ғылыми мақала етіп жариялауға жете алмай жаңылысып, қате басып немесе асығыстық танытып жататыны жасырын емес. Осындай келеңсіздіктердің алдын алуда қалыптасқан, айтары мол ғалымдардан уақтылы кеңес алу кей жағдайда мүмкін болмай жа-



тады. «Science. Research. Publication» халықаралық қысқы мектебі осы олқы тұсты толтырарлық тегеурінге ие. Қысқы мектепте оқылған келесі бір дәрістер тобы идеядан ғылыми жарияланымға дейінгі барлық баспалдақтарды қамтыды. Babes-Bolyai University ғалымы Augustin C. Mot жаңа зерттеу жұмысының идеясы қалай пайда болатыны, зерттеу жүргізуде ғылыми әдісті қолданудың маңыздылығын, күтпеген жерден орын алатын келеңсіздіктердің кейде оң шешімге жетелейтінін өзінің көпжылдық тәжірибесіндегі мысалдармен толықтыра баяндады. Баяндама барысында жас қатысушылар үшін тұшымды ойлар айтылып, тыңдаушылар тарапынан лайықты қошеметке ие болды. Мысалы, ескі ғылыми әдебиетті оқудан арланбау керектігі, жаңаның жылтырағына еріп, оны өсі-

режарылқаудың кемшін тұсының да барына ой салды. Идеядан басталып, қолжазбаға айналған еңбектің ғылыми ортаға таныстырылуында дұрыс ғылыми журналды таңдаудың маңызы зор. «Тыңдалмаған сөз жетім» деген өсиетті қалдырған бабаларымыз сөз қадірін қалай терең түсінген десеңізші. Қаламының сиясын, көз майын тауысып жазған қолжазбаның қолды

ғұмырын ғылымға арнаған, 10-нан астам монография мен оқу құралының, 14 ұжымдасып жазған монографиядағы бөлімдердің авторы, PFA-ның А.Н.Фрумкин атындағы Физикалық химия және электрхимия институтының бас ғылыми қызметкері Скундин Александр Мордухаевичке бұйырды. В.С.Багоцкий мектебінен бастау алған өзінің ғылымдағы жолында моно-



графия жазуға қандай ой түрткі болғанын, кімдердің жетелеп, қандай кедергілерден өткенін, бірнеше тілге аударылып, университет қабырғасында оқытылатын кейбір монографияларын жазудағы сырларымен бөлісті.

Университетіміздің жас ғалымдары: қауымдастырылған профессор Федор Мальчик пен аға оқытушы Мейрам Атамановтың ғылыми ортадағы спам және ғылыми мақаланы жазуда жасанды интеллектіні қолдану туралы жасаған баяндамалары жас ғалымдардың ғана емес, аға аудиторияның да қызығушылығын оятты. Федор Мальчик «мәйексіз» журналдардың (псевдо-ғылыми журналдар) алдауына түсіп қалмаудың жолдары мен ғылымдағы өзге де алаяқтықтан сақтанудың амалдарын баяндап берді. Мейрам Атамановтың баяндамасында жасанды интеллектіні тек қана шолу, жалпылама ақпаратты іздеуге ғана емес, химиялық мәліметтерді өңдеп, оны саралау үшін қолдануға болатынын тәжірибелік түрде көрсетуі тыңдаушыларға тың ынта берді. Ал аға оқытушы Авчуков Хайса химиялық технологияны оңтайландыру мен кейбір мәселелерді шешуде симуляциялық модельдеуді қолданудың артықшылықтары мен мүмкіндіктерін баяндады. Электрхимиялық зерттеу әдістерінен электрхимиялық өндіріс, коррозиядан қорғауға дейін болжамдар жасауға мүмкіндік беретін модельдеу мысалдарын сол саладағы жарияланымдарымен сабақтастыра отырып таныстырды.

Қайса ӘБШҮКІР,
Гүлмира РАХЫМБАЙ,
аға оқытушылар

ДЕРЕК пен ДӘЙЕК:

Қысқы мектеп дәріскерлерінің жиынтық h-index мәні 130-ға тең. Clarivate Analytics Web of Knowledge дерекқорындағы жалпы жарияланымдар саны 609-ды құрайды. Ғалымдардың еңбектеріне барлығы 10 041 сілтеме жасалса, оның ішінде 1433-і өткен жылы жасалған. Қысқы мектепте дәріс оқыған тоғыз ғалым ұзын саны 276 мақалаға рецензия жазса, оның 66-сы соңғы 12 айға тиесілі.

Білім беру үрдісіндегі бағалау критерийі мен бағалау әдісі оқытудың күткен, болжалды нәтижелеріне сәйкес әрі өзара байланыста болуы қажет. Бағалау критерийі – білім алушының білім деңгейін анықтауда қолданылатын негізгі көрсеткіш. Бұл критерий білім беру нәтижелерін бағалайтын әдістердің көмегі арқылы орындалады.

Кәсіби маманданудағы негізгі фактор



Соңғы жылдары оқу үрдісінде оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді растайтын бағалау әдістерінің онлайн формалары өте кең қолданыста. Атап айтқанда: қазіргі таңда факультетімізде қолданылатын мұндай формаларға Moodle ҚОЖ платформасында өткізілетін кейс-тапсырма, эссе, шығармашылық тапсырма, тестілеу, аралас емтихан (онлайн/офлайн), портфолио жатады. Оқытудың күткен нәтижелеріне қарай таңдалған бағалау фор-

масына сәйкес, білім алушыға тапсырманы цифрлық технологияның көмегімен нақтылауға, оны ары қарай онлайн қорғауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушының білім деңгейін айшықтай түседі. Атап айтқанда: бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейіндегі білім алу-

Назым СМАҒҰЛОВА,
Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының доценті, х.ғ.к.

Биология және биотехнология факультетінің Биоалуантүрлік және биоресурстар кафедрасының 3-курс студенті ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің бағдарламасы бойынша Мажарстанда ғылыми тағылымдамадан өтті.

Мажарстанда ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТТІ



Hungarian University of Agriculture and Life Sciences – Будапешт қаласында орналасқан Мажарстанның жетекші технологиялық университеттерінің бірі.

Ғылыми тағылымдама өсімдік генетикасы, өсімдік биотехнологиясы, органикалық егіншілік, өсімдік патологиясы және азық-түлік қауіпсіздігі сияқты пәндерді қамтитын оқу бағдарламасы бойынша өтті.

Университет сонымен қатар микроателлиттерді анықтау үшін полимеразды тізбекті реакция (ПТР), агарозды геледегі ДНҚ электрофорезі, Blast турау, градиентті ПТР және капиллярлық электрофорез (электрофореграмма) нәтижелерін талдауды қоса алғанда, әртүрлі әдістерді оқытуды ұйымдастырды. Бұл теориялық базаны кеңейтіп қана қоймай, болашақ кәсіби қызметте тәжірибе алуға мүмкіндік берді.

«Еуропада білім жетілдіріп, ғылыммен айналысуға мүмкіндік берген ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне және ҚазҰУ-ға зор алғысымды білдіремін. Алған білімім, жинақтаған тәжірибем менің алдағы академиялық және кәсіби қызметіме оң әсер ететіні сөзсіз», – деді Айдар Тутадзе.

Алмат ИСАДІЛ

Әсем қаламыз Алматының төрінде түркі өлемінің тұғыры биік тұлғасы, Түркия елінің тарихында өшпес із қалдырған, қазіргі түрік мемлекетінің негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүрікке ескерткіш орнатылды. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Түркия Республикасының 100 жылдығына орай, Режеп Тайып Ердоғанның Қазақстанға сапары кезінде көрнекті қайраткерге ескерткіш орнату туралы тапсырма бергенді.

Тұғыры биік ТҰЛҒА



Мұстафа Кемал Ататүріктің идеялары мен көшбасшылығы әлі күнге дейін бүкіл өлем халқына рух беріп, шабыттандырып келеді. Барлық түркі халықтары мақтан етер, өнеге тұтар ұлы тұлға. Ол жүзеге асырған мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалар бүгін де маңызын жоймаған, өміршеңдігімен құнды. Мемлекеттің дамуына негіз болатын реформаларын басқа елдер де нұсқаулық ретінде қолданып келеді. Түркі халқына ортақ даңқты бабамыз Ататүрікті қазақ халқы да ерекше ықыласпен құрметтейді. Ататүрік кезінде Кеңес Одағының құрамында өмір сүріп жатқан ұмыстан түркі халықтарын тысқандықпен, өз халқының есіне салып, өшпестей өсиет қалдырғанын бәріміз білеміз. Бабамыздың 1933 жылы 29 қазанда Түркия Республикасының 10 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзі соның бір айғағы. Ататүрік өз сөзінде былай деген: «Бүгін Кеңестер Одағы досымыз, көршіміз, одақтасымыз. Бұл достыққа қазір мұқтаждық. Бірақ ертең не болатынын ешкім білмейді. Дәл Османлы империясы Австрия, Венгрия сияқты бөлек-бөлек болып бөлінуі мүмкін. Бүгін уыстарынан шығармай қысып ұстаған елдерден айырылып қалуы

мүмкін. Өлем жаңа кезеңге өтуі мүмкін. Міне, сол кезде Түркия не істеуі керек екенін білуі қажет... Біздің бұл досымыздың қол астында тілі бір, сенімі бір, өзі (қаны) бір бауырларымыз бар. Оларды қолдауға дайын болуымыз керек. Дайын болу деген сөз – тек сол күнді қол қусырып күтіп отыру емес, дайындалуымыз керек. Елдер бұған қалай дайындалады? Рухани көпірді нығайту арқылы. Тіл – көпір, сенім – көпір, тарих – көпір...», «...Шыққан төгімізге үңіліп, әртүрлі оқиғалар бөліп тастаған тарихымызды түгендеп, біріктіруіміз керек. Олардың бізге келуін күтпеуіміз керек, оларға біз өзіміз баруымыз керек».

Данышпандықпен айтылған риясыз бұл ниет бүгін айна-қатесіз орындалды. Кеңес Одағы ыдырап, Ататүрік айтқандай, уыста ұстаған елдер тәуелсіздігін жариялады. Түркия Қазақстанға құшағын жайды, Қазақ елі де түрік бауырларына есігін айқара ашты. Міне, еліміздің қақ төрінен атамызға айбынды ескерткіш орнатылды.

Шынарай БҮРКІТБАЕВА,
PhD

Хаят АРАС,
магистр

Түркітану және тіл теориясы кафедрасы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры

Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ,
Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

• 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.

• Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com

• Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.